

Халықаралық экономикалық қатынастардың формалары.

Оқыту мақсаттары:

- ✓ Ұлттық валюта жүйесін білу;
- ✓ Айырбастау курстары (бағамдары) өзгеру себептері және сатып алу мен сатудағы курстың айырмашылығын талқылау.


Халықаралық экономикалық қатынастардың маңызды буындарының бірі – халықаралық қаржы-қаражат жүйесі. Халықаралық қаржы-қаражат қатынастары халықаралық нарық жүйесінің үш құрылымының өзара әрекетінен туындайды. Олар валюталық, несиелік және инвестициялық жүйелері болып табылады

Халықаралық валюталық қатынастар – халықаралық экономикалық қатынастардың ең елеулі және қажетті саласы. Ол әлемдік экономикалық байланыстарда валютаның қызмет етуін, дүниежүзілік шаруашылық салаларының өнімдерінің айырбасын қамтамасыз ететін қоғамдық қатынастар болып табылады.

- Валюта деген не?



Әр елдің ұлттық ақша бірлігі бар екені түсінікті. Түрлі себепті ақша бірлігі шекараның сыртына шықса, ол жаңа сапаға ие болады, яғни *валютаға* айналады. Қолдану аясына қарай валютаның бірнеше түрін ажыратады.





Ұлттық валюта – әр елдің ұлттық ақша бірлігі;
алтын, күміс және қағаз ақша түрінде
қолданылады..

Теңгенің ақша нарығындағы мәнін және оның өзгерісін
бақыла.

Ұлттық банктің 2003 жылға белгілеген теңге бағамы
сақталынууда ма?

Период	Минимум	Среднее	Максимум
2014	154.06	176.411	184.95+
2013	150.23	152.184	154.52+
2012	147.50	149.104	150.86+
2011	145.17	146.621	148.40+
2010	146.41	147.341	148.46+
2009	120.79	147.392	151.40+
2008	119.48	120.292	120.87+
2007	118.79	122.538	127.00+
2006	117.25	126.082	133.85+
2005	129.83	132.891	136.12+
2004	130.00	136.038	143.33+
2003	143.66	149.107	155.20+

02 қыркүйек 2014 күнгі заңды тұлғаларға арналған валюталар бағамы

«Қазақстан Халық Банкі» АҚ Қазынашылығы шетел валютасын қолма-қол ақшасыз сату және сатып алудың мынадай бағамын белгілейді (Алматы қ. уақытымен)

Курсы конвертации для физических/юридических лиц

Валюта атауы	Сатып алу		Сату	
	2013	2014	2013	2014
USD	152,16	180,73	154,3	183,27
EUR	200,29	237,4	204,33	242,2
RUR	4,5095	4,8454	4,6935	5,0432
GBP	235,97	298,79	240,73	304,83
CHF	162,7	196,77	165,98	200,75
XAU	215583,88	232088,06	215583,88	236776,7
XAG	3622,54	3522,52	3695,72	3593,68



Валюта — бұл біріншіден, сол елдің ақша бірлігі; екіншіден, шетел мемлекеттерінің ақша белгілері; үшіншіден, халықаралық есептесу бірліктері және төлем құралы (СДР, еуро.).

Конвертацияланатын валюта - басқа шетел валюталарына еркін және шек қойылмай айырбасталатын валюта.

Валюталық бағам — бір елдің ақша бірлігінің екінші бір елдің ақша бірлігіне қатысты бейнеленетін бағасы.

Валюталық бағамның қажеттігі:

- тауарлар мен қызметтермен сауда-саттықта, капиталдар мен несиелер қозғалысы барысында өзара валюталарды айырбастайды. Импортер ұлттық валютасын шетелден тауар алғаны үшін шетел валютасына ауыстырады.
- дүниежүзілік және ұлттық нарықтағы бағаларды, сол сияқты әр елдің құндық көрсеткіштерін салыстыруға;
- фирмалардың және банктердің шетел валютасындағы шоттарын үздіксіз қайта бағалап отыруға;

05 қыркүйекке АҚШ доллары бағамы
1 АҚШ доллары = **182,00** теңге (**0,00**)

жұма	05.09.	14182,000,00
Бейсенбі.	<u>04.09.14</u>	182,000,00
Сәрсенбі.	<u>03.09.14</u>	182,000,00
Сейсенбі.	<u>02.09.14</u>	182,000,00
Жұма .	<u>29.08.14</u>	182,000,00
Бейсенбі.	<u>28.08.14</u>	182,000,00
Сәрсенбі.	<u>27.08.14</u>	182,000,00



- Иссапармен АҚШ елінде жүргенінде, кітап дүкенінен өзіңе ұнаған кітапты 45 долларға сатып алдың. Елге келгенде кітап үшін теңгемен қанша ақша жұмсағаныңды есепте. (бүгінгі күннің валюта бағамын пайдалан)

- Францияға демалысқа барып, қайтарда ұшақ билетіне 321 евро ақша жұмсадың. Әуе билеті үшін теңгемен қанша ақша жұмсағаныңды есепте. (бүгінгі күннің валюта бағамын пайдалан)
- Мәскеу қаласында қыстық пальтоны сатып алғанда 1150 ресей рублін бердің. Пальтоға теңгемен есептегенде неше теңге бергеніңді есепте.